



БЕКІТЕМІН:

**«Зерделі» ақыл-ой дамыту
мектебі ЖШС бас директоры**
Ы.Мәуіт
«02» қыркүйек 2025ж.

3-4-сыныптарға арналған республикалық «Алтын сақа» математикалық олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу ережесі

Осы ереже 3-4-сыныптар арасында өтетін республикалық «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) мақсатын және міндеттерін, оны өткізудің тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1.1. Олимпиаданы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен және «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі мен облыстық білім беру басқармалары бірлесе ұйымдастырып өткізеді.

1.2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: математика пәні бойынша оқушылардың қызығушылығын арттыру, ғылымға баулу, математикалық ұғымдарды талдауға, сыни тұрғыда ойлауға, күрделі есептерді шешуге дағдыландыру, олимпиада резервтерін қалыптастыру және қабілетті балаларды анықтап, ынталандыру.

1.3. Олимпиаданың кестесі мен өткізу мерзімдерін республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының келісімі негізінде «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі бекітеді.

1.4. Олимпиада **мемлекеттік және орыс тілдерінде** оффлайн форматта ұйымдастырылады.

1.5. Егер қатысушы олимпиаданың кез келген кезеңінде ашықтық пен адалдық сақтамаса, нәтижесі бойынша ол мектеп екі жылға олимпиадаға қатысу құқығынан айырылады.

1.6. Олимпиада **тегін** өтеді. Ашықтық сақталып, әділ өткізуге негізделеді.

2. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті

2.1. Ұйымдастыру комитеті құқылы:

2.1.1. Олимпиадаға жалпы басшылықты жүзеге асыруға;

2.1.2. Тапсырмалардың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

2.1.3. Олимпиаданы өткізудің жалпы тәртібін бақылауға;

2.1.4. Олимпиаданы өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асыруға;

2.1.5. Осы Ереженің жекелеген тармақтары бұзылса, олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің мүшесі кез келген қатысушының олимпиадаға қатысуын тоқтатуға құқылы.

2.2. Ұйымдастыру комитеті жауапты:

2.2.1. Осы Ереже талаптарының сақталуына;

2.2.2. Осы олимпиаданың мақсаттарының орындалуы мен принциптерінің сақталуына және барынша адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге;

2.2.3. Олимпиада тапсырмаларының соңғы нұсқасын дайындауға;

2.2.4. Берілген тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне.

3. Олимпиадаға қатысушылар

3.1. Олимпиаданың барлық кезеңіне орта білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) 3-4-сынып оқушылары қатыса алады.

3.2. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының, республикалық мектептердің оқушылары (3-4 сынып оқытатын мектептер үшін) мектепшілік кезеңнен кейін 3-сыныптан 2 (екі) оқушы, 4-сыныптан 2 (екі) оқушы облыстық кезеңге қатыстырылады.

3.3. Аудандық, облыстық және республикалық кезеңдерге қатысатын оқушылар мектепте оқитындығы туралы анықтамамен келуі тиіс.

3.4. Олимпиадаға дәлелді-дәлелсіз себептермен қатыса алмайтын оқушылардың орны басқа оқушымен алмастырылмайды.

3.5. Оқушы келесі кезеңге өтіп, мектепті ауыстырған жағдайда оқушының дипломына (егер жүлдегер атанса) алдыңғы сұраныс негізіндегі жетекшісі жазылады.

3.6. «Зерделі» Олимпиадалық академия мектебінде оқып жүрген оқушылар мектепшілік кезеңнен келесі аудандық/қалалық кезеңге іріктеу арқылы өтеді.

3.7. Олимпиада кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

3.7.1. ұялы телефондар, смартфондар, ноутбуктер, ақпарат тасымалдағыштар және т.б. қолдануға;

3.7.2. бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, аудиторияда еркін жүріп-тұруға;

3.7.3. өз бетімен сыныптан шығып кетуге.

4. Қатысушыларды олимпиадаға тіркеу тәртібі

4.1. Олимпиадаға қатысушылардың тіркеуі мектепшілік кезеңнен бастап арнайы [«altynsaqa.online»](http://altynsaqa.online) платформасы арқылы жүзеге асырылады. Әрбір кезең бойынша платформамен жұмыс жасауға арналған нұсқаулықтар әзірленіп, ресми хатқа қосымша ретінде тіркеледі.

5. Олимпиада кезеңдері

5.1. Олимпиада оқу жылы бойынша 4 кезеңде өтеді:

I кезең - мектепшілік

II кезең - аудандық\қалалық

III кезең - облыстық

IV - республикалық

5.2. Олимпиаданың барлық кезеңдегі тапсырмалары мен нұсқаулығын «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі әзірлейді және бекітеді.

5.3. Әр кезең бекітілген кестеге сәйкес барлық облыста бір уақытта өтеді.

I кезең (мектепшілік)

Бірінші кезең (мектепшілік) – білім беру ұйымдарында өтеді. Өткізу мерзімі – **қазан айы**. Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы мектеп директорының бұйрығымен құрылады. Мектепшілік кезеңге қатысатын оқушы санына шектеу қойылмайды. Ең жоғары ұпай жинаған 3-сыныптан 3 (үш) оқушы, 4-сыныптан 3 (үш) оқушы аудандық\қалалық кезеңге қатыстырылады. Түркістан облысы мен Алматы облысы үшін 3-сыныптан 2 (екі) оқушы, 4-сыныптан 2 (екі) оқушы аудандық\қалалық кезеңге жіберіледі.

Ескерту: Егер келесі кезеңге өту үшін бірнеше оқушының жалпы ұпайы тең болған жағдайда, қазылар алқасы сол қатысушыларға қосымша тапсырма беріп, нәтижесі негізінде келесі кезеңге өтетін оқушыны анықтайды.

Мектепшілік кезеңнің тапсырмалары үш бөлімнен тұрады:

- бірінші бөлім - тест жұмысы;
- екінші бөлім - тест жұмысы;
- үшінші бөлім – бос орынды толықтыру. Берілетін уақыт – 60 минут.

II кезең (аудандық)

Екінші кезеңнің (аудандық\қалалық) өткізілу мерзімі – **қараша айы**. Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы білім бөлімі басшысының бұйрығымен құрылады.

Ең жоғары ұпай жинаған 3-сыныптан 5 (бес) оқушы, 4-сыныптан 5 (бес) оқушы облыстық кезеңге қатыстырылады.

Ескерту: Егер келесі кезеңге өту үшін бірнеше оқушының жалпы ұпайы тең болған жағдайда, қазылар алқасы сол қатысушыларға қосымша тапсырма беріп, нәтижесі негізінде келесі кезеңге өтетін бес оқушыны анықтайды.

Аудандық\қалалық кезеңнің тапсырмалары үш бөлімнен тұрады:

- бірінші бөлім - тест жұмысы
- екінші бөлім - тест жұмысы
- үшінші бөлім – бос орынды толықтыру. Берілетін уақыт – 60 минут.

**Аудандық кезеңнің қорытындысына сәйкес облыстық кезеңге
қатысатын аудандар мен қалалардың квота саны**

■ **Әр ауданнан:**

Мектептердің оқыту тілі	Квота саны	
	3-сынып	4-сынып
Қазақ, орыс, аралас (ЖББМ)	5	5

■ **Облыстың қалалары мен республикалық маңызы бар қалалардан:**

Мектептердің оқыту тілі	Мектептер саны	Квота саны	
		3-сынып	4-сынып
Қазақ, орыс, аралас (ЖББМ)	20 мектепке дейін болса	5	5
Қазақ, орыс, аралас (ЖББМ)	20-40 мектепке дейін болса	10	10
Қазақ, орыс, аралас (ЖББМ)	40-60 мектепке дейін болса	15	15
Қазақ, орыс, аралас (ЖББМ)	60-тан көп мектеп болса	30	30

III кезең (облыстық)

Үшінші кезең – облыстық олимпиада кезеңі. Өткізу мерзімі – **сәуір айы**. Облыстық білім басқармасының бұйрығы негізінде өңірлік «Дарын» орталықтары мен «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі бірлесіп өткізеді. Облыстық кезеңде ең жоғары ұпай жинаған 3-сыныптан 5 (бес) оқушы, 4-сыныптан 5 (бес) оқушы республикалық кезеңге жіберіледі.

Ескерту: Егер келесі кезеңге өту үшін бірнеше оқушының жалпы ұпайы тең болған жағдайда, қазылар алқасы сол қатысушыларға қосымша тапсырма беріп, нәтижесі негізінде келесі кезеңге өтетін бес оқушыны анықтайды.

Облыстық кезеңнің тапсырмалары үш бөлімнен тұрады:

- бірінші бөлім - тест жұмысы;
- екінші бөлім – бос орынды толықтыру;
- үшінші бөлім – шешу, дәлелдеу, есептеу. Берілетін уақыт – 90 минут.

IV кезең (республикалық)

Төртінші кезең (қорытынды) – республикалық олимпиада кезеңі. Олимпиаданы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен және «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі ұйымдастырып өткізеді. Өткізу мерзімі – **мамыр айы**.

Республикалық кезеңнің тапсырмалары үш бөлімнен тұрады:

- бірінші бөлім - тест жұмысы;
- екінші бөлім – бос орынды толықтыру;
- үшінші бөлім – шешу, дәлелдеу, есептеу. Берілетін уақыт – 100 минут.

6. Олимпиаданың қазылар алқасы

6.1. Олимпиадада қазылар алқасының төрағасы мен құрамын әр кезеңнің жауапты өкілі анықтайды және бекітеді.

6.2. Олимпиаданың пәндік қазылар алқасы (бұдан әрі - қазылар алқасы) төраға, хатшы және мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының саны 5-7 адамнан құралады. Облыстық олимпиада кезеңінде қазылар алқасының құрамына «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің өкілдері қатысып, оқушының жұмысын тексеруде жетекшілік етеді.

6.3. Қазылар алқасы келесі міндеттерді атқарады:

6.3.1. оқушының орындаған жұмысына әділ баға беруді жүзеге асырады;

6.3.2. тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды;

6.3.3. олимпиадаға қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және әділ шешімін бекітеді;

6.3.4. олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңдерінде оқушы өтініші негізінде апелляция жұмысын өткізеді;

6.3.5. жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды беру үшін ұйымдастыру комитетіне ұсыныс береді.

7. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау және марапаттау

7.1. Олимпиаданың барлық кезеңінде ұпай бойынша жүлдегерді анықтау қазылар алқасының шешімі негізінде жүзеге асады:

I, II, III дәрежелі дипломдардың саны келесі пропорция негізінде белгіленеді: қатысушылардың жалпы санының 21%-дан аспайтыны III дәрежелі дипломдармен, 15%-дан аспайтыны II дәрежелі; 9%-дан аспайтыны I дәрежелі дипломдармен, 10%-дан аспайтыны грамотамен марапатталады.

Ескерту: Егер бірнеше қатысушы бірдей ұпай жинап, бір дәрежеге үміткер болған жағдайда, қазылар алқасы жүлделі орындар санын ($\pm 1-2\%$) ұлғайтуға немесе қысқартуға құқылы. Бұл шешім қатысушылардың нәтижелерін әділ бағалау мақсатында қабылданады.

7.2. Олимпиаданың ашылуы, қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау салтанатты және мерекелік жағдайда өтеді.

7.3. Мектепшілік, аудандық (қалалық) және облыстық олимпиадалардың жүлдегерлері тиісті білім беру органдарының I, II, III дәрежелі дипломдарымен, грамоталарымен және мүмкіндік болған жағдайда сыйлықтарымен марапатталады.

7.4. Облыстық кезең аяқталған соң Ұйымдастырушы тараптан командалық есеп бойынша аудандар арасында рейтинг жасалады. Оның қорытындысы негізінде аудандық білім бөлімдері Бас жүлде, I, II, III орынмен марапатталады.

7.5. Республикалық кезең аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы тарапынан қатысушыларға сертификат, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен медальдар табысталады. Бас жүлде мен I орын иегерлері бағалы сыйлықтармен марапатталады. Сонымен қатар командалық есеп негізінде облыстар арасында рейтинг жасалады. Оның қорытындысы бойынша өңірлік «Дарын» орталықтары Бас жүлде, I, II, III орындармен марапатталады.

8. Қорытынды

8.1. Республикалық кезең аяқталған соң республикалық маңызы бар қалалар мен облыстық білім басқармаларына олимпиаданың қорытындысы бойынша аналитикалық есеп жолданады.

8.2. Олимпиада нәтижелерін үш жұмыс күні ішінде әр кезеңнің жауапты органдары ресми сайттар мен әлеуметтік желілерде жариялайды.